

Ахтаева Н.С., Төленді Ш.Қ.,
Тастанова А.А., Садыкова Н.М.

Бақытты жұптар стратегиясы

Мақала қазіргі таңдағы әлеуметтік жұмыс саласының зерттеу объектісі ретінде бақытты отбасылар мен бақытты жұптардың өмірлік стратегиялық ерекшеліктерін анықтауға негізделген. Әлемде көптеген бақытты жұптар өмір сүруде. Олардың өмір сүруі және бір-біріне деген сыйластық пен сүйіспеншілік сезімдері дүйім жұртты қызықтырмай қоймайды. Сол себепті мақалада бақытты жұптардың стратегиялары салыстырмалы түрде талданған. Мақаланың өзіндік ерекшелігі – әлемдегі бақытты жұптарға жасалған зерттеу нәтижелерімен қатар статистикалық көрсеткіштер көрсетілген. Неліктен біреулердің махаббаты уақыт өте берік бола түседі, ал кейбіреулер ажырасып жатады немесе бақытсыз өмір сүреді?

Психолог Джон Готтман (John Gottman) – жұптардың бір-бірімен сөйлесіп отырғанын бақылап, 100 % сенімділікпен сол жұптың бірнеше жыл өткен соң бақытты болатындығын немесе бұл қатынастарының болашағы жоқ екендігін болжап бере алады. Иә, мүмкін емес секілді көрінеді, бірақ Джонның ғылыми зерттеулерде 40 жыл тәжірибесі бар.

Сондай-ақ «бақытты жұп қандай болады» деген сауалға негізделе отырып бақытты жұп құрудың негізгі 4 принципі аталып өтілді. Мақалада Британдық зерттеу жұмыстарының қызықты ақпараттарға толы нәтижелері көрсетілген. Және де атақты мемлекет басшылары мен олардың жұбайлары туралы толықтай ақпарат берілген. Мақала психология мамандығы мен әлеуметтік сала бойынша оқитын бакалаврларға, психология және әлеуметтік сала мамандарына және басқа да гуманитарлық, техникалық бағытта білім алатын оқушыларға арналған.

Түйін сөздер: бақытты жұп, бақытты отбасы, махаббат, сыйластық, сезім, ұрыс-керіс, өмірлік серік, түсіністік, қамқорлық, мейірімділік, қуану, сағыныш.

Akhtaeva N.S., Tolendi Sh.K.,
Tastanova A.A., Sadykova N.M.

The strategies of happy married couples

This article discusses one of the most actual problems of social psychology and social work, the problem of modern family and the strategy of happy married couples, who are the basis of every family.

There are a lot of happy married couples in the world. Their fate causes a natural interest of people, because everyone wants to create such a happy family, which is based on trust, sympathy, respect and understanding. In this regard, the article gives a comparative analysis of the couples from different countries. A peculiarity of this article is statistical material presented along with the strategies of happy couples. Particular attention is paid to the analysis of British scientists who studied the main problems of the family based on the large statistical data. People often ask: «Why do some couples' relationship get stronger with time, while others' are getting cool?». British psychologist says that happy couples are trying to see only positive quality in each other, thank each other and their destiny for this meeting every day, enjoy each day of living together. Unhappy couples only notice the negative qualities and emphasize the shortcomings of each other, constantly accuse each other in their unsuccessful situations. John Gottman, watching the conversation between couples, could predict the future of the marital relationship by 100%. It would seem hard to believe in this forecast, but the 40-year-old experience of these observations and analyzes inspires to trust to researcher. They created the so-called «laboratory of love.» Activity of the laboratory is also given in the article. A special part of the article is devoted to the analysis of the family life of political leaders such as M.S.Gorbachev and N.A.Nazarbayev, and their wives Raisa Gorbachev and Sara Nazarbayeva. Was described the strategy of couples, which is a basis for building a happy family, the foundation of a reliable and strong family.

Key words: happy married couples, happy family, love, respect, feelings, conflict, a lifelong friend, understanding, caring attitude towards each other, responsiveness, capacity for joy, spiritual attachment.

Ахтаева Н.С., Төленді Ш.Қ.,
Тастанова А.А., Садыкова Н.М.

Стратегия счастливых семейных пар

В статье рассматривается одна из актуальных проблем социальной психологии и социальной работы – это проблема современной семьи и стратегии счастливых семейных супружеских пар, являющихся основой каждой семьи.

Описаны основные стратегии супружеских пар, которые явились основой для построения счастливой семьи, фундаментом надежной и крепкой семьи.

Ключевые слова: счастливые супружеские пары, счастливая семья, любовь, уважение, чувства, конфликт, пожизненный друг, понимание, заботливое отношение друг к другу, отзывчивость, способность радоваться, духовная привязанность.

БАҚЫТТЫ ЖҰПТАР СТРАТЕГИЯСЫ

Кіріспе

Неліктен біреулердің махаббаты уақыт өте берік бола түседі, ал кейбіреулер ажырасып жатады немесе бақытсыз өмір сүреді?

Психолог Джон Готтман (John Gottman) – жұптардың бір-бірімен сөйлесіп отырғанын бақылап, 100 % сенімділікпен сол жұптың бірнеше жыл өткен соң бақытты болатындығын немесе бұл қатынастарының болашағы жоқ екендігін болжап бере алады. Иә, мүмкін емес секілді көрінеді, бірақ Джонның ғылыми зерттеулерде 40 жыл тәжірибесі бар.

«Бақытты жұптар бір-бірінің жағымды жағын көре біледі, осындай керемет адаммен кездескені үшін «рақмет» айтады, құшақтайды және жай ғана қуанады, – дейді Джон Готтман. – Олар бір-бірін сыйлауға және алғыс білдіре білуге бағыттала қатынас құрады. Бақытсыз жұптар, керісінше, серіктесінен кемшілік іздеп, әрбір қателігін аңдып отырады».

Джон және оның әйелі Джули де психолог, неке бойынша әлемдегі атақты эксперттер қатарына жатады. Олар бақытты некенің құпиясын табу мақсатында бірнеше ондаған жыл бойына мыңдаған жұптарға кеңес беріп, жүздеген тәжірибе өткізген.

Олардың ең қызықты тәжірибелерінің бірі «Махаббат зертханасы» деп аталды. Жас жұбайларды зертханаға шақырып, оларға электродтар жалғайды. Содан кейін олардың қатынасы туралы, қалай кездесті, ең қорқынышты келіспеушілік не үшін болды, өмірлерінде бірге өткізген ең бақытты кезең туралы айттып берулерін сұрайды. Зерттеушілер жұптардың бір-бірімен қалай сөйлесетіндігін бақылайды, ал электродтар қан тоғын, жүрек соғысының жиілігін және басқа да физиологиялық реакцияларын өлшейді. Одан соң жас жұбайларды үйлеріне жіберіп, олардың әлі бірге ме әлде жоқ па екенін білу үшін алты жылдан соң хабарласады.

Барлық жиналған мәліметтерге сүйене отырып, Джон Готтман жұптарды үлкен екі топқа бөледі: бақыттылар және бақытсыздар. Бірінші топтағылар алты жыл өткен соң некелерін сақтап, бақытты өмір сүріп жатқан жұптар. Екінші топтағылар айырылысып кеткен немесе бірге тұрып, екеуі де қиналып

жүрген жұптар. Зерттеушілер мәліметтерге талдау жасаған кезде, екі топ арасынан нақты айырмашылық көрген.

Болашақта бақытсыз жұптар сырттай тыныш көрінгендерімен, электродпен өлшенген олардың организмдерінің реакциясы керісінше көрсетті. Жүректері жиі соғып, қан тоғы жылдам болды. Барлық белгілерге қарап, олардың денелері «күрес немесе қаш» деген қорқыныш реакциясында жұмыс жасап тұрды.

Қатынастарындағы жағымды немесе елеусіз заттардың өзінде олар өз серіктесінен шабуыл күтіп немесе шабуыл жасауға дайындалып отырды. Джон Готтман тәжірибеден мынадай заңнама тапты: зертханада жұптардың организмі қаншалықты белсенді болған сайын, уақыт өте келе олардың қатынасы соншалықты тез құртыла бастады. Алты жыл өткен соң некелерін сақтап қалған жұптар, керісінше, басынан бастап төмен физиологиялық кернеу көрсетті. Олар бірге өздерін тыныш әрі сенімді сезінді. Келіспеушілік туған сәттің өзінде серіктесіне деген ықыласты қатынасы білінді. Бұл олардың физиологиясы жақсы қалыптасқан деген сөз емес, олардың сенімді, жылы және махаббатқа толы орта жасай алуында. [<http://massaget.kz/blogs/15540/>]

Бақытты жұптың бір көңілсіз сәті бес бірдей қуанышты сәтпен алмасады. Ал бақытсыз жұптың бұл көрсеткіші 1:0,8-ге тең дейді ғалымдар. Нағыз жұптың 70% қарым-қатынасы олардың достығына байланысты болады екен. Бұл дегеніңіз сүйіктіңізбен қаншалықты дос сияқты аралассаңыз – соншалықты бақытты боласыз дегенді білдіреді. Бақытты жұптың тағы бір ерекшелігі – олар бір-бірімен 5 сағаттан кем сөйлеспейді [1].

Бақытты жұп қандай болады?

1. Олар ұрыс-керістен қорықпайды.

Иә, бақытты адамдар да сөзге келіп қалуы әбден мүмкін. Олар осы ұрыстың арты үлкен жанжалға апарды деп қорықпайды. Себебі, мәселелерді шешуге талпынады. Әдетте, ұрыс бір-бірін түсінбеуден не қитұрқы әңгімеден шығады. Бақытты жұп бір-бірінен шындықты жасырмай, мәселені ашықтан-ашық шешуге ұмтылады. Ұрысса да, мәселе шешілгеннен кейін «түкке тұрмайтын дүниеге» саналып, сабаларына түседі. Қай шаңырақта ыдыс-аяқ сылдырламайды?

2. Дау, ұрыстан кейін олар бір-бірінен кешірім сұрауға тәкаппарланбайды. Шешілген мәселені қайта-қайта көтеріп, еске түсіріп, ұрыспайды. Себебі, олар үшін отбасы тыныштығы мен

жарының қуанышы қымбат. Ұрыс біткенде кешірім сұрап, құшақтасуды жөн көреді. Бұған көбісі бара бермейтінін біз айтпай-ақ білесіз.

Кешірім сұрау – сыйластықтың белгісі. Демек, тек сыйластық, құрмет бар жерде ғана жұп бақытты бола алады.

Бірің сөйлесе, бірің тыңда. Бұл бір қарағанда жеңіл қағида. Алайда жиі ұмытып кетеміз.

3. Бақытты отбасы бір-біріне қорған болуға барын салады. Біреуі мұңайып, көңілі болмаса, екіншісі үнемі жанынан табылады. Бір-бірін тыңдай біліп, көмектесе алады. Сондай-ақ отбасында бірі екіншісінің түсінуіне сенімді болуы керек. Яғни қандай жағдай болмасын, жарыңызды қолдауыңыз керек.

Бақытты отбасында тәкаппарлыққа орын жоқ екенін жадыңыздан шығармаңыз. «Мен, өзім» деген ұстаным жоғалады, барлық мәселе жұмыла шешіледі.

Әйелінің жұмыста проблемалары болса, жары оған барынша көмектесіп, жақсы жақтарын тауып, моральдық тұрғыда қолдау көрсетеді.

Бақытты отбасында әйелі мен күйеуі – дос, серіктес, қорғаушы болады.

4. Бақытты жұп өздерін басқа отбасымен салыстырмайды. Олар өздерін ерекше санап, бір-бірін бақытты етуге ұмтылады. Өзгенің бақыты, өзгенің өміріне бас ауыртпайды. [2]

20 жыл бойы жүргізілген британдық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бақытты отбасы:

- Үйленгендеріне 5 немесе одан аз уақыт өткен;
- Балалары бар;
- Екеуінің де жоғары білімі болады;
- Жұмысты ері істейді.

Бақыттың шарықтау шегі отасқан соң 2 жыл өткенде болады, ал кейін үйленбеген кездегідей бола түседі.

Бақытты отбасының бағасын ақшалай есептегенде оны – 105,000\$-ға теңеуге болады екен. Ал айырылысуды ақшалай есептегенде – 308,780\$-ға теңеледі екен.

Бақытты отбасының үйленгендегі себебі:

- Махаббатпен – 93%
- Өмірлік жағдаяттар – 87%
- Келісілген жұп – 81%
- Бала табуды қалау – 50%
- Қаржылық тұрақтылық – 31% [1]

Бақытты жұптардың стратегиялары

Не дегенімен оның маған және менің оған берілгендігім сақталды. Және біз үшін бәрінен артығы екеуміздің бірге болғанымыз. Бұл дүниеде баласыз өмір сүрсек те.

* * *

Мен өмірімнің мәнін жоғалттым. Михаил Горбачев. Жұбайының өлімінен соң берген сұхбатында.

* * *

Шешімді сен өзің қабылдауың керек, ал мен қандай жағдайда да сенімен біргемін. КСРО Төтенше жағдайлар Комитетінің Президенттікке үміткерлікті бұғаттау және отбасымен Форос саяжайына ауыстырудан кейін Раиса Горбачева.

Көбіне жоғары лауазымды саяси тұлғалардың бұқара халыққа көрсетілетін жеке өмірлерінің сыртқы бейнесін, жалған ақпараттық жағын, жиі сезімталдығы және терең сезімдерінен айырылғандықтарын ғана емес, сонымен қатар терең мағыналы сырға толы өмірлік бейнелерін жасырып жатады. Мемлекет басшылары мен олардың жұбайларына қатысты нақты қарым-қатынастарға қарамастан, олар қоғамдық тұлғаның өмірбаянының бір бөлігі ретінде (бұл озық өркениеттің құндылықтық нормаларында күшейтілді) ұлтқа тиесілі және сондықтан мұқият қорғалып, тексеріліп және түзетіліп отырады. Мұндай қуатты империя, КСРО үшін Бас хатшының отбасы ғана емес, оның әйелі мен балалары әрқашан назарда ілігетін, тұрақты бақылауда болатын ең төменгі саяси көрсеткіштер болып есептелінді. Тұтас дәуірдің отбасылық мәдениетінің жаңа эпиорталығын ашып, өмірдің бұл жасырылған сферасын, шындығын да ашып көрсету үшін Михаил мен Раиса Горбачевтар еш өкінішсіз бұл дәстүрді бұзды. Бірақ олар бірінші болып миллиондаған адамдардың назарын өздеріне аударды.

Раиса Горбачева құрметке лайықты бірінші ханым ғана емес, жақын, сондай-ақ бірлескен қаралудағы жеңістің басты қатысушы да бола білді. Ол өз күйеуіне пайдалы қолдау көрсетті, онымен қоса соған қарамастан жеткілікті Бор даралығын және ішкі әйелдік күшін көрсетті. Жұбайының көрсеткен құрметінің арқасында Михаил Горбачев әрдайым иығындағы қажымас қайратты, барлық қалауын орындай алатын сиқыршыны, өмірлік адал досты сезінді. Осыдан артық бақыт та байлық та бар ма?! Адамның егер ішкі жан дүниесін бөлісетін жақыны болса, демек оның әр басқан қадамы ол үшін маңызды саналады.

Бұл бақытты жұпқа бәрі де сәтті: ол екеуі мына өзгерістерге толы өмірде әрдайым бірге бола білді.

Әлдекімнің қарым-қатынасын бір адамға махабаттың эталоны ретінде ұсынуы мүмкін бе;

тым әрқилы мінез-құлықтар, жеке тұлғалықты қалыптастыратын біркелкі емес шарттар, «бақыт» ұғымын сипаттайтын тым ұқсастық байқалмайтын әртүрлі көріністер... Алайда, өзіндік бақыт стратегиясына жету үшін жолыққан кедергілерді алшақтату қажет, Горбачевтар бұл көріністе сәтті, бақытты, жарқыраған сюжет қоя білді. Артық, ойдан шығарылған, бай және сәндік ештеңе де жоқ... Бұдан байқағанымыз бақытты болу үшін бақыттың да, байлықтың да керегі шамалы. Себебі бақытты болу үшін тек қана екі жұптың бірін-бірі түсіністігі мен сыйласымдылығы маңызды рөл ойнайды. Егер осы жұпты анықтап, нақтырақ алып қарайтын болсақ: жанға рахат сыйлайтын шиіе ағашының балғын сезім сыйлайтын хош иісін сезінеміз, бұдан: билік басты мақсат емес, басты мақсат іс-әрекет болу қажет [3].

«Өмірлік серігің»: іздеу және жоғалту немесе «ұлы махаббат хикаясы»

1951 жылдың көктемі. Мәскеу мемлекеттік университетінің 20 жасар студенті Горбачев жатақханада сабақ оқып отыр. Кенет достары кіріп келіп, клубқа шақырып, бармасына қоймайды. Әрі «онда жаңадан келген қыз – Раиса Титренко бар». Жігіттер клубқа кіріп келгенде, Раиса өзге жігітпен билеп жатты. Михаил көпшілік қызығатын жігіт еді. Ал жаңадан келген Рая айтарлықтай сұлу емес, алайда, сүйкімді, жас жігіт оны бірден ұнатып қалды. Горбачевтың өзі «мен кіріп келгенде, маған бір бұрылып қарамады да» деп еске алады. Бәлкім, сонысымен де жас серінің жүрегіне сезім ұялатқан болар?!

Раяның тұрмыс құрғалы жүрген жігіті бар. Ол қарапайым, мейірімді қыз болатын әрі университетте де үздік болатын. Алайда сүйіктісінің анасы қызды ұнатпай, оларға айрылысуға тура келді. Қатты қиналған қыздың халін аңдап, сыртынан ұнатып жүрген Михаил оның көңілін ауламақ боп, серуенге шақырады. Сол күннен бастап, күндер өте, екі жастың арасында махаббат гүлі бүр жарайды. Бір-біріне бауыр басып, отау құруға бел буады. Алайда, екеуі де қарапайым студенттер. Күйеу жігіттің қалтасында көк тиын жоқ. Тойға ақша жинау үшін ол арнайы ауылға барып, үш ай демалыс бойы комбайншы болып жұмыс істейді. Оның маңдай терімен тапқан ақшасы қалыңдықтың көйлегіне жетіп, туфлиді Рая құрбысынан алған көрінеді. Үйлену тойын өздері тұратын жатақхананың асханасында өткізді. «Оның қолына жүзікті көп жылдардан кейін ғана таға алдым» дейді атақты саясаткер.

Жас отбасы өте кедей өмір сүрді. Жеті отбасы болып бір үйде тұрады. Отағасы азын-аулақ табыс тапса, жары жұмыс таба алмай қиналады. Рая көп кешікпей, жүкті болды. Алайда, қатты ауырып, жүдейді. Дәрігерлер Михаилға «сәбиіңізді аман-есен өмірге әкелуге болады, ал бірақ жұбайыңыздан айрылып қалуыңыз мүмкін» дейді. Ұл болады деп, тіпті, Сергей есімін таңдап қойған Рая бұл ауыр кезеңде қатты қиналып, жары оны жұбатумен күндіз-түні жанында болды. Екеуі ешқашан қатты кетіп, араларында ұрыс-керіс болмаған. Горбачев жарын жымыспен еске алады: «Тек ұсақ-түйек керісу болатын. Екеуіміз сөз таластырып қалсақ, ол «сен күміс медальге бітірдің, сондықтан менімен керіспе» деуші еді. Ал менің Раям қызыл медаль иегері болатын». Жылдар өте, олар қызды болып, әкесі оны Ирина деп атады. Ирина – айнымаған анасы.

Михаил саясатқа келіп, хатшы атанған кездерден бастап, оның жұбайы белсенді түрде қоғам өміріне атсалыса бастады. Ал оған дейін Рая ханым университеттерде дәріс оқып, философия ғылымының кандидаты атанып үлгерді. Жалпы, ерінің ерен еңбегін айтпағанда, Раиса Горбачева қыруар істер атқарып, ел өміріне үлкен үлесін қосты. Өзге президент әйелдері оған дейін, тіпті, ел көзіне көрінбесе, Михаил мен Рая қай жерге барса да, қол ұстасып, қолтықтасып, иықпа-иық жүретін. Әрдайым сәнді киініп, гүлдей жайнап, жарқырап жүретін басшы жарын жұрт алғашында ұнатса, кейіннен қатты сынға алды. Оның тұлғасы ел ішінде үлкен дау-дамай тудыратын болды. Бұл, әрине, әйел адамға ауыр тиді. Бірте-бірте қауесеттер мен наразылық астында қалды. Бірақ әрдайым бойын тік ұстап, сұлу кейпінен танбай, жарымен қатар өрістей берді. Михаил Горбачев оны бірде-бір рет әбіржіген күйінде көрмегенін таңданыспен айтады. «Таң атысымен менен ерте тұрып, сәнденіп келетін», – дейді ол. Қарадан шықса да, ақсүйек қызындай өзін ұстайтын, киінетін, білімді болатын. Раисаның киім кию үлгісіне Маргарет Тэтчер қызықса керек. Олар өзара ағылшын тілінде сөйлесіп, жақын құрбы болды.

Михаилдың сүйіктісі ауыр науқастан төсек тартып жатып қалады. Жұрт тек оның нұрлы жанын тек сол кезде ұғынғандай, оны жақсы көріп кетеді. Осы күнге дейін басынан өткерген көпшіліктің ауыр сөзі, сұқтанған көзі ізсіз өтпеген сыңайлы. 1999 жылы Кеңес үкіметінің бірінші ханым өмірден өтті. Немересі «егер әжем президенттің әйелі болмағанда, әлі күнге дейін есен-сау арамызда жүрер ме еді», – дейді...

Михаил Горбачев бұл қайғыдан қатты есеңгіреп, ұзаққа дейін өзіне келе алмады. Оның жанында жоқтығына әлі күнге сене алмайды. Алайда, олардың арасындағы ұлы махаббат күші әлі күнге сөнбеген.[4]

Дәл осындай сәтті жұптардың бірі ретінде Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев пен оның жұбайы С.А. Назарбаеваның өмірлік отбасылық ерекшеліктеріне тоқтала кетсек.

«Өзара түсіністік пен сыйластық»

Олар отбасын құрғанда бар-жоғы 21-22 жаста болатын. Жарымен алғашқы таныстық жайлы Елбасының өзі былай деп жазады: ««Ал сол жылдардың өмір бойы есте қалатын ең бір елеулі оқиғасы – болашақ келіншегім Сарамен алғашқы кездесуім. Ал бұл кездесу... бір апаттан кейін домна пешінің жанында болған еді. Әдетте апат болып, металл жерге төгіліп жатқанда түгел ауысым бар қалдықты жинап, теміржол қозғалысын қалпына келтіргенше ешкім ешқайда кетпейді. Бұл бір бұлжымас тәртіп еді. Күні бойы боласың ба, тәулік бойы боласың ба, өзің бүлдіргенді өзің ретке келтіруің тиіс. Осындай қолайсыз бір сәт еді – тәулік бойы дерлік табанымыздан тік тұрған кезіміз, тұла бойымыз қазанның түп күйесіндей қап-қара, тек көзіміз жылтырап, аппақ тісіміз ақсияды. Сол күні қосалқы электр станциясында кезекші болып, біздің пешіміздің түбінде не болып жатқанын көруге келген қызға кез бола кеттім. Көп ұзамай тойымыз болды. Өзім екпінділер мен белсенділер қатарында жүргендіктен коллективіміз оны комсомол-жастар үйлену тойы етіп өткізіп берді». Жаңа ғана отауласқан жас жұбайлар алғашында шағын ғана екі бөлмелі пәтерде әйелі, екі баласы және анасымен тұратын достарының үйіне барып жайғасса керек. Сұлтанның жұбайы жылулығымен, ашық-жарқындығымен оның жора-жолдастарын түгел баурап алды. Достарының бірі Сатыбалды Ибрагимов еске алады... Отбасылы болғанына қарамастан, күн-түн демей, баяғы бойдақ күндердей, бір топ болып достары Нұрсұлтан мен Сара ханымның үйіне келе берсе керек. Алайда, үй ханым бір рет те қабақ шытпай, үнемі оларды күліп қарсы алып, бәрі жақсы көретін картобын қуырып алдарына қояды. Капитанның жарын «капитанша», генералдың жарын «генеральша» деп атайтынындай, еркелетіп металлургия достарының жұбайын «біздің көрікші» деп атайды екен. Мейірімділігімен қатар, жас келіншек көрегенділігімен, тәрбиелілігімен, ақылдылығымен тамсандырса керек.

Сара ханым әрдайым ерін піріндей құрметтеп, сүйіспеншілікпен ардақтап, оның әрбір қадамын қолдап, тұрмыста да тынбайтын. Оған қоса, бала тәрбиесімен бірге өзі де жарына ілесе, жеке тұлға ретінде білімін, біліктілігін толықтырып, қызметін тоқтатпады. Бүгінгі күнде қол жеткізген саяси билік тандеміне айналу тек осындай тұтқасы берік, өрелі отбасының отағасы мен отанасының қолынан келетін еді.[4]

Елбасымыздың «Махаббат келсе, үйлену керек. Арғысы бола жатар» деген сөздері ел арасында кеңінен тараған. Өзара сүйіспеншілік пен сенім, құрмет, ертеңге деген сенім, ұмтылыс – олардың қол ұстасып бастағанда қолда бар байлығы осылар болды. Олар осындай құндылықтардың негізінде, мөлдір махаббаттың негізінде өздерінің «шағын отанын» құрып,

оны Отан алдындағы борыш – дүйім бір елге қызмет етумен ұштастыра білді. Ұлы махаббат күдіретімен жалындаған жастықта ертегі болып көрінген жарқын болашаққа бірлесіп жете білді.

Қорытынды

Бақытты жұптардың стратегиясы ретінде жұптардың бірін-бірі түсінісуі мен үнсіз сыйласуын айтамыз. Бақытты жұпқа бәрі де сәтті: ол екі жұп мына өзгерістерге толы өмірде әрдайым бірге бола біледі. Бақытты жұп болу үшін жұбайы әрдайым ерін піріндей құрметтеп, сүйіспеншілікпен ардақтап, оның әрбір қадамын қолдап, тұрмыста да тынбайтын болса, бұл бақытқа кез келген махаббат иелері жете алады.

Әдебиеттер

- 1 <http://shalqar.kz/gazet/minsiz-jup-qanday-bolady> интернет сайты
- 2 <http://massaget.kz/kyizdarga/shayra/25366> интернет сайты
- 3 Стратегия счастливых пар: (Антология любви) / Валентин Бадрак. – Харьков: Фолио, 2009. – 444 с.
- 4 <http://anabol.kz/post.html?id=1357> интернет сайты

References

- 1 <http://shalqar.kz/gazet/minsiz-jup-qanday-bolady> internet sites
- 2 <http://massaget.kz/kyizdarga/shayra/25366> internet sites
- 3 Strategija schastlivyh par: (Antologija ljubvi) / Valentin Badrak. – Har'kov: Folio, 2009. – 444 s.
- 4 <http://anabol.kz/post.html?id=1357> internet sites